КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2021 жылғы 7 маусым №4360-21-00-2/650 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Б.Е.Елшібековтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшылығында О.А.Хабиевтің отыруымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Инженерно – производственный центр «Альянс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің «Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» мемлекеттік мекемесі
«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі
«Әсем-Құрылыс-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ЖАУАПКЕР ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті» мемлекеттік мекемесі
«ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз» акционерлік қоғамы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алу конкурстарының қорытындылары туралы хаттамаларды заңсыз деп танып, күшін жою
2. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жарамсыз деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Э.Пернебек
Талап қоюшы өкілі А.Б.Маликова
Жауапкерлер өкілдері Б.С.Сыздық, С.Ержанұлы, М.И.Алиева, Ө.ОАсанов

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Үшінші тұлға «ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз» АҚ-ның өкілдері О.С.Курманбаев, А.М.Аблаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2021 жылғы 20 қаңтарда «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – Ұйымдастырушы):

- «Қызылорда қаласында 35/10 кВ «ГМЗ» ҚС реконструкциялау» жұмыстарына техникалық қадағалау қызметі;
- «Қызылорда қаласында 35/10 кВ «Промышленная» ҚС реконструкциялау» жұмыстарына техникалық қадағалау қызметі;
- «Қызылорда қаласында 35/10 кВ «Комсомол» ҚС реконструкциялау» жұмыстарына техникалық қадағалау қызметі;
- «Қызылорда қаласында 35/10 кВ «Залинейная» ҚС реконструкциялау» жұмыстарына техникалық қадағалау қызметі жұмыстарына мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы конкурстар өткізіліп, 2021 жылғы 18, 19 ақпандағы конкурс қорытындылары туралы №5289133-ОК2, №5289196-ОК2, №5289317-ОК2, №5289330-ОК3 хаттамалық шешімдермен 4 конкурс бойынша да «Инженерно – производственный центр «Альянс» ЖШС-гі жеңімпаз болып танылса, «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-нің конкурстық өтінімдері «Әлеуетті өнім берушімен қосалқы мердігер ретінде тартылған «Кернеу-СМ» ЖШС-нің біліктілігі туралы №6 қосымшасын ұсынбауына байланысты есепке алынған жоқ» деген себеппен конкурсқа қатыстырылмаған.

2021 жылғы 12 наурызда Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен (бұдан әрі – Департамент) «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-нің шағымы негізінде оның конкурстық өтінімдері негізсіз конкурсқа қатысудан бас тартылғандығы жөнінде бұзушылықтар анықталуына байланысты №431010000-4-5-122930, №431010000-4-5-122931, №431010000-4-5-122932, №431010000-4-5-122933 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар берілген.

2021 жылғы 12 наурызда Ұйымдастырушы аталған 4 хабарламаларда келтірілген уәждермен келіспей, хабарламаларда көрсетілген бұзушылықтарға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне (бұдан әрі-Комитет) 4 қарсылықтар жолдаған.

2021 жылғы 31 наурызда Комитет қарсылықтарды қарау нәтижелерімен қарсылықтарды қанағаттандырудан бас тарту туралы қорытындыларын берген.

2021 жылғы 5 сәуірде талап қоюшы Департаменттің хабарламаларын даулап сотқа талап қою арызымен жүгінген.

Документ подписан: Елшібеков Б. Е., 12.06.2021

Дата вступления в законную силу: 22.07.2021, судья Елшібеков Б. Е., 26.07.2021

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2021 жылғы 6 сәуірде Ұйымдастырушы Департаменттің хабарламаларымен келіспегенімен, оларды орындап, конкурс қорытындылары туралы №5289133-ОК2, №5289196-ОК2, №5289317-ОК2, №5289330-ОК3 хаттамалық шешімдермен 4 конкурс бойынша да «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-і жеңімпаз болып танылып, «Инженерно – производственный центр «Альянс» ЖШС-гі екінші орындағы әлеуетті өнім беруші ретінде айқындалған.

2021 жылғы 7 сәуірде «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) мен «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-і арасында №№ 13, 14, 15, 16 Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалған. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгенімен, қазынашылық органында тіркелмей заңды күшіне енбеген.

2021 жылғы 8 сәуірде талап қоюшы Департаменттің хабарламалары орындалып кетуіне байланысты, талабын нақтылап, мемлекеттік сатып алу конкурстарының қорытындылары туралы хаттамаларды заңсыз деп танып, күшін жоюды сұраған. Істі қарау барысында Тапсырыс беруші мен жеңімпаз арасында шарттар жасалуына байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жарамсыз деп тануды сұрап, талабын толықтырған.

Талап қою арызында талап қоюшы жауапкер «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-нің конкурстық өтінімдерінде қосалқы мердігер ретінде тартылған «Кернеу-СМ» ЖШС-нің біліктілігі туралы №6 қосымшасы талапқа сәйкес ұсынылмағанын, сонымен бірге 2015 жылға – «скв №6,10,11,206,213 және 214-тен Гу-1-ге дейін шығару желісінің құрылысын техникалық сүйемелдеу қызметін көрсету» объектісі бойынша техникалық қадағалау емес сүйемелдеу болғандықтан, 2020 жылға – «Вл 110 Квт-ы Оңтүстік шығыс Құмкөл кен орнындағы газ турбиналы электр станциясынан ПС 110/35 Қызылқияға дейін, 18-44 Жобасы бойынша мамандардың техникалық қадағалау қызметін көрсету» объектісі бойынша қызмет көрсету 2021 жылы аяқталғандықтан жұмыс тәжірибесі ретінде есепке алынбай, Ұйымдастырушы жауапкерге 5% емес 4% шарттық жеңілдік беруі керек деген негіздерін көрсеткен.

Жауапкер Ұйымдастырушы жазбаша пікірінде бастапқыда конкурс қорытындыларымен талап қоюшы жеңімпаз деп танылғанын, кейіннен Департаменттің хабарламаларын орындағанын көрсеткен.

Жауапкер Департамент пен «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-і жазбаша пікірлерінде талап қоюшы дауды сотқа дейін реттеу тәртібін сақтамағанын, 2015 жылға – қызмет көрсету жұмысы растаушы құжаттармен 03.06.2015 жылғы №012 шот-фактура және көрсетілген қызметтердің актілерімен, аталған қызмет конкурс мәніндегі қызметтерге ұқсас болып табылатынын, 2020 жылға - «Вл 110 Квт-ы Оңтүстік шығыс

Документ подписан: Елшібеков Б. Е., 12.06.2021

Дата вступления в законную силу: 22.07.2021, судья Елшібеков Б. Е., 26.07.2021

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құмкөл кен орнындағы газ турбиналы электр станциясынан ПС 110/35 Қызылқияға дейін, 18-44 Жобасы бойынша мамандардың техникалық қадағалау қызметін көрсету» объектісі бойынша қызмет көрсету 2019 жылы басталып, 2020 жылы аяқталғандықтан 2020 жылға растау құжаттары ұсынылып, нысан шартты жеңілдікке дұрыс алынғанын көрсетіп, талап қою арызын қанағаттандырусыз қылдыруды сұраған.

Жауапкер Тапсырыс беруші жазбаша пікірінде Департаментің хабарламалары ресми құжат болып табылатындықтан, орындалып, «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-і жеңімпаз болып танылғанын көрсетіп, талап қою арызын қанағаттандырусыз қылдыруды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қою арызында көрсетілген уәждерін қуаттап, талап қою арызын қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер Ұйымдастырушы өкілі жазбаша пікіріндегі уәждерін айтып, қандай-да бір шешім қабылдауды соттың құзырына қалдыратынын көрсетті.

Сот отырысында жауапкерлер Департамент, Тапсырыс беруші және «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-і өкілдері қарсы пікірлеріндегі негіздемелеріне сілтеме жасап, талап қою арызын қанағаттандырусыз қылдыруды сұрады.

Үшінші тұлға Комитет өкілі жарыссөзге қатыспаса, бастапқы сот отырыстарында талап қою арызымен келіспейтіні туралы пікірін білдірген.

Сот отырысында үшінші тұлға «ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз» АҚ-ның өкілдері «Вл 110 Квт-ы Оңтүстік шығыс Құмкөл кен орнындағы газ турбиналы электр станциясынан ПС 110/35 Қызылқияға дейін, 18-44 Жобасы» бойынша «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-і 2019 жылғы 22 мамырдағы №1905046 қызмет көрсету келісім шарты бойынша мамандардың техникалық қадағалау қызметін көрсеткенін, жоба бойынша бірнеше объектілер болғанымен ол біртұтас болып саналатынын, шарт мерзімі екі рет ұзартылып, 2021 жылдың мамыр айында аяқталғанын көрсетті.

Прокурор талап қою арызы қанағаттандырусыз қалдыруға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 47-бабының 6-тармағына сәйкес уәкілетті орган осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімдерде келіп түскен шағымды қарау нәтижелері бойынша осы Заңның 16-бабының 6) тармақшасына сәйкес не шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Документ подписан: Елшібеков Б. Е., 12.06.2021

Дата вступления в законную силу: 22.07.2021, судья Елшібеков Б. Е., 26.07.2021

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Заңның осы 47-бабының 7, 8-тармақтарына сәйкес әлеуетті өнім беруші уәкілетті органның осы баптың 6-тармағына сәйкес қабылданған шешімімен келіспеген жағдайда, оған жоғары тұрған органға шағым жасауға құқылы. Уәкілетті органның шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылдаған шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодекстің (бұдан әрі - АПК) 25-бабының 2-бөлігіне сәйкес нақты даудың ведомстволығына қатысты заңдарды түсіндіруде күмән туындаған немесе коллизиялар болған жағдайда, оны сот қарайды.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V «Құқықтық актілер туралы» Заңының 65-бабының 2-тармағына сәйкес жеке-дара қолданылатын құқықтық акт оның талаптарын немесе онда қамтылған тапсырмаларды осы құқықтық акт өздеріне арналған тұлғалар орындаған кезден бастап қолданылуын тоқтатады.

Сот отырысында анықталғандай, «Инженерно – производственный центр «Альянс» ЖШС-гі жеңімпаз болып танылған 2021 жылғы 18, 19 ақпандағы конкурс қорытындылары туралы №5289133-ОК2, №5289196-ОК2, №5289317-ОК2, №5289330-ОК3 хаттамалық шешімдерді заңды қабылдағанын дәлелдеп Ұйымдастырушы Департаменттің хабарламаларына жоғарғы тұрған органына шағымданып, қанағаттандырылмаған.

Заңда әлеуетті өнім берушінің Ұйымдастырушының шешіміне Департаментке шағымдану, қарау нәтижесімен қанағаттанбаса жоғары тұрған органына шағымдану тәртібі қаралған. Бұл жағдайда талап қоюшы бастапқыда жеңімпаз болып танылғандықтан, ал Департаменттің хабарламаларына Ұйымдастырушы шағымданғаны туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алу веб-порталында көрінетіндіктен, бұл тәртіпті сақтауды талап ету қисынсыз.

Сәйкесінше талап қоюшының Департаменттің хабарламаларын бірден сотта даулауы, хабарламалар орындалып кеткеннен кейін сол хабарлама негізінде қабылданған Ұйымдастырушының шешімдерін даулауын сот негізді, заң талаптарына қайшы емес деп, сонымен бірге Заңның 47-бабының 7-тармағына сәйкес жоғары тұрған органға шағым жасау әлеуетті өнім берушінің міндеті емес құқығы екенін ескеріп, жауапкер тараптың талап қоюшы дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібін сақтамады деген уәжін негізсіз деп санайды.

Сот талап қоюшының «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-нің конкурстық өтінімдерінде қосалқы мердігер ретінде тартылған «Кернеу-СМ» ЖШС-нің біліктілігі туралы №6 қосымшасы талапқа сәйкес ұсынылмаған, сонымен бірге 2015 жылға – «скв №6,10,11,206,213 және 214-тен Гу-1-ге дейін шығару желісінің құрылысын техникалық

Документ подписан: Елшібеков Б. Е., 12.06.2021

Дата вступления в законную силу: 22.07.2021, судья Елшібеков Б. Е., 26.07.2021

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сүйемелдеу қызметін көрсету» объектісі бойынша техникалық қадағалау емес сүйемелдеу болғандықтан есептелмеуі керек деген талап қою арызында көрсетілген негіздемелерін дұрыс емес деп есептейді.

Себебі, сот отырысында анықталғандай, әлеуетті өнім беруші «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-мен конкурстық құжаттаманың 10-қосымшасы (Жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтер, сондай-ақ әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (қоса атқарушыларға) беретін жұмыстар мен қызметтердің түрлері) және қосалқы мердігердің біліктілік туралы мәліметтері (конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасы) ұсынылған. Ал, қосалқы мердігердің біліктілігі туралы мәліметтерінде негізгі әлеуетті өнім берушінің атауы көрсетілуі техникалық ақау болып табылады және мұндай ақау конкурс қатысушыларымен қосалқы мердігер ретінде тартылған барлық қоса атқарушылардың, соның ішінде талап қоюшының қосалқы мердігерінің де біліктілік туралы мәліметтерінде орын алған.

Сонымен бірге, жауапкер «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-мен 2015 жылға жұмыс тәжірибесіне есепке алынған «скв №6,10,11,206,213 және 214-тен Гу-1-ге дейін шығару желісінің құрылысы» нысаны бойынша техникалық қадағалау қызметін көрсеткені туралы тапсырыс беруші «Құмкөл көлік қызметі» ЖШС-нің 2021 жылғы 19 мамырдағы №0382 анықтамасы сотқа ұсынылған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) 153-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурстық комиссия конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде, осы Қағидалардың 152-1-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қолданылатын, конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдерге сәйкес шартты жеңілдіктерді анықтайды.

Қағиданың 154-тармағына сәйкес конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді.

Сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болғаны үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Документ подписан: Елшібеков Б. Е., 12.06.2021

Дата вступления в законную силу: 22.07.2021, судья Елшібеков Б. Е., 26.07.2021

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаның Ескертпесінің 6-тармағына сәйкес мерзімі бір жылдан асатын шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде көрсетілетін қызметтің аяқталған жылы танылады.

Сот отырысында анықталғандай, Ұйымдастырушы «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-нің 2011-2020 жыл аралығына он жылға жұмыс тәжірибесіне әрбір жылы үшін 0,5 % барлығы 5 % шартты жеңілдік берсе, 2020 жылға «Вл 110 Квт-ы Оңтүстік шығыс Құмкөл кен орнындағы газ турбиналы электр станциясынан ПС 110/35 Қызылқияға дейін, 18-44 Жобасы бойынша мамандардың техникалық қадағалау қызметін көрсету» объектісін есепке алған.

Ал, талап қоюшының талап қою арызында көрсетілген мәліметі мен үшінші тұлға осы нысан бойынша тапсырыс беруші «ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз» АҚ-ның өкілдері көрсетіп ұсынған дәлелдеме құжаттары бойынша «Вл 110 Квт-ы Оңтүстік шығыс Құмкөл кен орнындағы газ турбиналы электр станциясынан ПС 110/35 Қызылқияға дейін, 18-44 Жобасы» бойынша «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-і 2019 жылғы 22 мамырдағы №1905046 қызмет көрсету келісім шарты бойынша мамандардың техникалық қадағалау қызметін көрсеткенімен, жоба бойынша бірнеше объектілер болғанымен ол біртұтас болып саналады.

Сонымен бірге Шарт мерзімі 2020 жылғы 25 қыркүйекте 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін, 2020 жылғы 23 желтоқсанда 2021 жылғы 31 мамырға дейін ұзартылған.

Тапсырыс берушінің мәліметі бойынша Шарт сомасы 83 074 000 теңге болса, 2021 жылғы 20 мамырға 80 249 756 теңгеге қызмет көрсетіліп, 2 824 244 теңгесі қалдықта қалған. 2021 жылғы 28 мамырдағы нысанды пайдалануға қабылдау актісінде «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-нің құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы туралы қорытындыны 2021 жылғы 4 мамырда бергені көрсетілген.

Мұндай жағдайда аталған Шарт бойынша көрсетілген қызмет 2021 жылы аяқталғандықтан, «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-нің бұл нысан бойынша 2020 жылға жұмыс тәжірибесіне көрсеткен қызметі түрі Ұйымдастырушымен есепке алынбай, 5 % емес 4,5% шартты жеңілдік беріліп, көрсетілген 4 конкурс бойынша «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-і емес, Ұйымдастырушымен 5% шартты жеңілдік берілген «Инженерно – производственный центр «Альянс» ЖШС-гі жеңімпаз болып танылуы қажет.

АПК-нің 227-бабының 1-бөлігіне сәйкес, сот мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) және шешімдерінің

Документ подписан: Елшібеков Б. Е., 12.06.2021

Дата вступления в законную силу: 22.07.2021, судья Елшібеков Б. Е., 26.07.2021

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

заңсыздығы туралы арызды негізді деп танып, арызды қанағаттандыру туралы шешім шығарады.

Сондықтан талап қоюшының бұл талабы қанағаттандырылып, Ұйымдастырушының 2021 жылғы 6 сәуірдегі «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-ін жеңімпаз деп тану жайлы конкурс қорытындылары туралы №5289133-ОК2, №5289196-ОК2, №5289317-ОК2, №5289330-ОК3 хаттамалар заңсыз деп танылып, күші жойылуға жатады.

№2 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 157-бабының 3-бөлігіне сәйкес, мүдделі тұлғалар, тиісті мемлекеттік орган не прокурор мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қоюы мүмкін. Көрсетілген мәмілені жасау нәтижесінде құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған немесе бұзылуы мүмкін тұлға мүдделі тұлға болып табылады.

АК-нің 158-бабының 1-бөлігіне сәйкес, мазмұны заңнама талаптарына сәйкес келмейтін мәміле, сондай-ақ құқықтық тәртіп негіздеріне көрінеу қайшы келетін мақсатпен жасалған мәміле, егер осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, дауланатын мәміле болып табылады және сот оны жарамсыз деп тануы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілгендей, 2021 жылғы 7 сәуірде Тапсырыс беруші мен «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-і арасында №№ 13, 14, 15, 16 Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалған. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгенімен, қазынашылық органында тіркелмей заңды күшіне енбеген.

Сондықтан, төрт даулы конкурс бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалғандықтан, ол шарттар заңды күшіне енбегеніне қарамастан олар жарамсыз деп танылуға жатады деп сот есептейді. Себебі шарттар заңсыз конкурс қорытындылары нәтижесімен жасалғанына қарамастан, шарттарға тараптармен қол қойылғандықтан, олардың арасында міндеттемелер туындатуы мүмкін. Мысалы, бүгінгі күнге өнім берушімен шарттар бойынша шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомалары енгізілген.

Жоғарыда көрсетілген жағдайларда, 2021 жылғы 6 сәуірдегі конкурс қорытындылары туралы №5289133-ОК2, №5289196-ОК2, №5289317-ОК2, №5289330-ОК3 хаттамалар заңсыз деп танылғандықтан, талап қоюшының жауапкерлер Тапсырыс беруші мен «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-і арасында 2021 жылғы 7 сәуірде жасалған №№ 13, 14, 15, 16 Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарын жарамсыз деп тану туралы талабы да қанағаттандырылуға жатады.

Документ подписан: Елшібеков Б. Е., 12.06.2021

Дата вступления в законную силу: 22.07.2021, судья Елшібеков Б. Е., 26.07.2021

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АПК-нің 109-бабының 1-бөлігіне сәйкес, талап қою арызы толық қанағаттандырылуына байланысты, заң бұзушылыққа жол берген жауапкерлер Ұйымдастырушы мен «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-нен тең үлесте талап қоюшының пайдасына мемлекеттік бажға төленген сот шығысы 64 174 теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-227-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Инженерно – производственный центр «Альянс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мемлекеттік сатып алу конкурстарының қорытындылары туралы хаттамаларды заңсыз деп танып, күшін жою және мемлекеттік сатып алу шарттарын жарамсыз деп тану туралы талап қою арызы толық қанағаттандырылсын.

«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің:

- №5289133-ОК2 «Қызылорда қаласында 35/10 кВ «ГМЗ» ҚС реконструкциялау» жұмыстарына техникалық қадағалау қызметі;
- №5289196-ОК2 «Қызылорда қаласында 35/10 кВ «Промышленная» ҚС реконструкциялау» жұмыстарына техникалық қадағалау қызметі;
- №5289317-ОК2 «Қызылорда қаласында 35/10 кВ «Комсомол» ҚС реконструкциялау» жұмыстарына техникалық қадағалау қызметі;
- №5289330-ОК3 «Қызылорда қаласында 35/10 кВ «Залинейная» ҚС реконструкциялау» жұмыстарына техникалық қадағалау қызметі мемлекеттік сатып алу конкурстарының қорытындылары туралы хаттамалары заңсыз деп танылып, күші жойылсын.

«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында жасалған 2021 жылғы 7 сәуірдегі №№ 13, 14, 15, 16 Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жарамсыз деп танылсын.

«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне жол берілген бұзушылықты толық көлемде жойып, «Инженерно – производственный центр «Альянс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру міндеттелсін.

Талап қоюшы «Инженерно – производственный центр «Альянс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына жауапкерлер «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінен және «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестіген әр қайсысынан мемлекеттік

Документ подписан: Елшібеков Б. Е., 12.06.2021

Дата вступления в законную силу: 22.07.2021, судья Елшібеков Б. Е., 26.07.2021

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

бажға төленген сот шығыны 32 087 (отыз екі мың сексен жеті) теңгеден өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Документ подписан: Елшібеков Б. Е., 12.06.2021

Дата вступления в законную силу: 22.07.2021, судья Елшібеков Б. Е., 26.07.2021

4360-21-3-1/784